

Ауылдық жерлерде тұратын және жұмыс жасайтын денсаулық сақтау, білім беру және спорт, халықты әлеуметтік қорғау және мәдениет мемлекеттік мекемелердің мамандарына отын (көмір) алуға әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 28 қыркүйектегі N 28/252 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет Департаменті Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2006 жылғы 26 қазандағы N 11-1-41 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 2/26 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 12.04.2012 № 2/26 шешімімен(қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы», «Қазақстан Республикасындағы ауыл және ауылшаруашылық кешендерінің өркендеуінің басымдылығы туралы» Заңдарына 1999 жылғы 03 қыркүйектегі № 1304 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес қалалық маслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1.Отын (көмір) алуға берілетін біржолғы әлеуметтік көмек ауылдық жерлерде тұратын жұмыс жасайтын денсаулық сақтау, білім беру және спорт, халықты әлеуметтік қорғау және мәдениет мемлекеттік мекемелерінің (бұдан әрі – отын алуға әлеуметтік көмек) төленеді.

2. «Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» отын алуға берілетін әлеуметтік көмек тағайындауға уәкілетті орган болып табылады (бұдан әрі уәкілетті орган).

3. Отын алуға төленетін әлеуметтік көмек шығынының сомасы жыл сайын алдағы жылға қалалық бюджеттің бекітілуі кезінде қалалық маслихат шешімімен белгіленеді.

4. Отын алуға берілетін әлеуметтік көмек «Қазақстан халықтық жинақ банкі» АҚБ нің филиалдары арқылы жүзеге асырылады.

5. Отын алуға берілетін әлеуметтік көмек қалалық денсаулық сақтау, білім беру және спорт, халықты әлеуметтік қорғау және мәдениет бөлімдерінің қызметкерлерінің тізімі негізінде тағайындалады, косымшаға сәйкес.

6. Тізім уәкілетті органға жыл сайын 25 қыркүйекке дейін ұсынылады. Уәкілетті орган тізім алғаннан кейін тапсырыс жасайды және оны уәкілетті орган мен банк арасындағы Агенттік келісімге сәйкес жыл сайын 5 қазанға дейін қалалық қаржы бөліміне жолдайды.

7. Қалалық қаржы бөлімі бюджеттік бағдарламаның паспортына және міндетті қаржыландыру мен төлем жүргізу жоспарларына сәйкес жыл сайын 10 қазанға дейін уәкілетті орган арқылы отын алуға берілетін әлеуметтік көмек төлеуге қажетті қаражаттармен қаржыландыру жүзеге асырады.

8. Уәкілетті орган жыл сайын 15 қазанға дейін түскен қаржыны банк шотына төлем тапсырмаларымен аударады. Сонымен бірге банктерге әлеуметтік көмекті көмек алушылардың жеке есеп шоттарына (картшот) түсіру үшін екі данада тізім – ведомость тапсырады. Банк алынған тізімге сәйкес отын алуға берілетін әлеуметтік көмек төлемін жүзеге асырады.

9. Отын алуға берілетін әлеуметтік көмек бойынша есеп жүргізу, бақылау және есеп беру уәкілетті органға жүктеледі.

10. Уәкілетті орган жыл сайын 10 желтоқсанға дейін отын алуға берілетін әлеуметтік көмек бойынша есеп жүргізіп, қалалық қаржы бөлімі мен жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне тапсырады.

11. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне сәйкес отын алуға берілетін әлеуметтік көмек төлемінің уақтылы берілуіне және ұйымдастырылуына жауап береді.

12. Денсаулық сақтау, білім беру және спорт, халықты әлеуметтік қорғау және мәдениет мемлекеттік мекемелерінің басшылары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ұсынылған тізімге мамандардың енгізілу негізділігіне жауап береді.

13. Отын алуға берілетін әлеуметтік көмекке бөлінген бюджет қаражаттарының мақсатты пайдалануына бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

14. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

К. Қорғанбекова

Қ а л а л ы қ

мәслихаттың хатшысы

Ж. Матаев

Қалалық

мәслихаттың

2006

жылғы

28

қыркүйектегі №

28/252

шешіміне қосымша

Отын алуға берілетін әлеуметтік көмек алушылардың тізімінің үлгісі

№	Аты, тегі әкесінің аты	Жеке басын куәләндыратын құжат	Салық төлеушінің тіркелу кітабы	Мекен-жайы	Лауазымдық қызметі	Банкомат карточкасының нөмірі
1	2	3	4	5	6	7

К Е Л І С І Л Д І :

«Ақтау қалалық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы

К . М . А й т б а т ы р о в а

28 қыркүйек 2006 жыл